

ӘОЖ 793.3

Т.О. Ізім,

Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры,
өнертану кандидаты, ҚР еңбек сіңірген әртісі,
Алматы қ., Қазақстан,
e-mail: toigan.izim@mail.ru

Қазақ халық биінің бүгіні мен ертеңі

Бүгін Қазақ халық биі қай бағытта қалай дамып отыр деген срақ хореография өнерін зерттеп жүрген ғалымдарды тебірентетіні белгілі. Балабақша, мектеп сахнасына лайықты «Қамажай», «Айгөлек» секілді қарапайым әрі жеңіл билердей емес, терең мазмұнды, идеялық көркемдік деңгейі жоғары ұлттық билердің сахна төрінде өзіндік ерекшеліктерімен көрінуі шын мәнісінде қазақ би өнерінің жарқын табыстары болып саналады. Әрі қазақ биі деп аталатын құбылыстың табиғатын терең сезініп, оның даму жолында талай өнерпаздың ерінбей еңбек еткенінің арқасында жеткен табыстар деп білген жөн.

Бұл мақалада хореография өнерінің соның ішінде қазақ биінің тарихында бидің барлығы дерлік халық шығармашылығынан нәр алғандығы қарастырылған. Қазіргі уақытта қазақ биінің даму жолдарын белгілейтін хореографиялық дәстүрге бай өте құнды би мұрасына айналып отыр.

Түйін сөздер: фольклор, хореография, эстетика, режиссер-хореограф, ансамбль, байқау.

T.O. Izim

The present and the future of Kazakh folk dance

It is well known today that all choreography art researches are interested in how and in which direction Kazakh folk dance is developed. National dances of deep meaning and of high ideological and artistic level are not so simple as «Kamazhay» and «Aygolek», aimed at performing in kindergartens and schools. The Kazakh dance with its peculiarities is a great achievement of dance art. It is important to know what many artists reached success in their development thank to hard work and deep understanding of the nature of the notion of the Kazakh dance.

The article is about the art of choreography and the fact that in the history of the Kazakh dance all kinds of dances originate from the folk art sources. Currently it is becoming a very valuable heritage of a rich choreographic tradition, showing the ways of the Kazakh dance development.

Key words: folklore, choreography, aesthetics, director of choreography, ensemble, contest.

Т.О. Изим

Настоящее и будущее казахского народного танца

Сегодня известно, что всех исследователей хореографического искусства волнует вопрос, как и по какому направлению развивается казахский народный танец. Национальные танцы глубокого содержания, высокого идейно-художественного уровня не так просты и легки, как «Қамажай», «Айгөлек», предназначенные для сцен детских садов и школ. Казахский танец со всеми своими особенностями является ярким достижением искусства. Надо признать, что на пути его развития многие мастера творчества достигли успехов благодаря неустанному труду и глубокому осознанию природы явления так называемого казахского танца.

В статье речь идет об искусстве хореографии, о том, что в истории казахского танца все виды танцев берут начало от истоков народного творчества. В настоящее время он превращается в очень ценное наследие богатой хореографической традиции, отображающей пути развития казахского танца.

Ключевые слова: фольклор, хореография, эстетика, режиссер-хореограф, ансамбль, конкурс.

Қазақстандағы хореография өнері ХХ ғасырда пайда болып, халықтың рухани байлығына айналған жаңа көркемөнер түрі. Осы ғасырдың екінші жартысында қазақ биі өнері саласында небір өзгерістер мен бетбұрыстар жасалды. Балабақша, мектеп сахнасына лайықты «Қамажай», «Айгөлек» секілді қарапайым, әрі жеңіл билердей емес, терең мазмұнды, идеялық көркемдік деңгейі жоғары ұлттық билердің сахна төрінде өзіндік ерекшеліктерімен көрінуі шын мәнісінде қазақ би өнерінің жарқын табыстары болып саналады. Әрі қазақ биі деп аталатын құбылыстың табиғатын терең сезініп, оның даму жолында талай өнерпаздың ерінбей еңбек еткенінің арқасында жеткен табыстар. Бұл – кейінгі кезеңдердегі қазақ биі өнерінің қол жеткізген табыстары десек, оның болашағы бұдан да жарқын екеніне күмән келтірмейміз. Себебі, тақырып ауқымы да сан алуан бола отырып, қазақ биі өнері ендігі жерде өзінің көптеген мәселелерін алға тарта келді, өмірге ендіре білді. Мәселен, көз алдымызда дүниеге келіп, орнықтырылып, қалпына келтірілген «Ай қосақ», «Бақсы ойыны», «Келіншек», «Буын биі», «Алқақотан» тағы басқа билер ғайыптан пайда бола салмағаны белгілі. Олардың шығуы белгілі бір сюжетке құрылып, бейнелі құбылысқа, белгілі бір ойды білдіретін халқымыздың тұрмыс-салты мен дәстүрінен, діни рәсімдерінен алынған қимыл-қозғалыс арқылы туындаған біртұтас би өнеріне жатады. Бұлардың көбі, әсіресе, аңшылық, құсбегілік, шаруашылық, тұрмыс-салт қарекеті секілді тіршіліктен туындаған өнер үлгілері. Ерте заман адамдары бұл қимыл-қозғалыс үлгілерін тау-тас пен үңгірлердегі жартастарға сұлбасын қашап қалдырып отырған. халқымыздың қанына сіңген өнерпаздығы биді де рухани асыл мұраға айналған өнер түрінің бірі ретінде артта қалған алыс кезеңдерден бүгінгі заманға жеткізе білді.

Хореография өнерінің тарихында бидің барлығы дерлік халық шығармашылығынан нәр алғаны белгілі.

Қазақ халқының тіршілігіне көз жіберсек, малшылық пен аңшылық егіз тұрғанға ұқсайды. Әйтсе де, ең алдымен аңшылық пайда болған. Себебі үй хайуандарының өздері алғашында тағы болғаны мәлім. Адамзат ең алдымен соларды аулап, тірідей ұстағандарын қолға үйреткен, үйренбегендерін тіршілік үшін пайдаланған. Мылтық шыққанға дейін аңшылардың неше алуан тәсілдері болған. Ал, осы аңшылық өнер-

дің көне заманнан күні бүгінге дейін ең көп қолданылатын әдісі – ит жүгіртіп, құс салу.

Құстардың ішінде қазақ халқының қадірлейтіні бүркіт. Қазақтың айтуынша, азулы аң арыстан да екі күшік тапса, қанаттыда қасиетті құс аққу мен жыртқыш құс бүркіт қана екіден артық жұмыртқаламайды екен. Бүркіт ұясын ең биік ағаштың басына, тау шыңдарының ең биік төбесіне, жел мен аяздың өтіне салады деседі көпті көрген қариялар. Сондықтанда бүркіттің балапандары жұмыртқаны жарып шыққанда желге, ыстық пен суыққа шынығып өсетін сияқты. Орман мен таудағы ұядан алынған бала бүркіт аңнан тайсалмайтын болған. Әдетте қазақ құсбегілері бүркіттің ересегін емес, балапанын ұшар уақытында ұядан алған. Бүркіттің көбі қоян, қарсақ, түлкі, қасқыр сияқты аңдарға түседі. Әдетте олар аңды көргенде әуелі аспанға самғай көтеріледі де, алатын жеміне жоғарыдан төмен қарай түйіледі. Аңға түскен бүркіт бір аяғымен бастан, екінші аяғымен сауырынан қайқайта бүріп, тыпыр еткізбей ұстайды. Бүркіттің, не басқа алғыр құстардың бабын білетін адамды «бүркітші» немесе «құсбегі» деп атайды. Міне, бүркіттің бар қасиетін тани білген халық осы қасиетін өзінің рухани байлығына айналдырған.

Осынау кең-байтақ иен даланы мекендеген қазақ халқы көңіл көтеретін талай-талай қызықтарды да таба білген. Сол қызықтың аңшылық-саятшылық. Жүйрік ат, қыран бүркіт, құмай тазы – міне, осының барлығы өзіндік тамашасымен әркімді де еліктіре білген. Сонымен бірге, аңшылық-саятшылықтың тағы бір ерекшелігі, адамды салқын сабырлыққа, табиғатты біліп түсінуге, ерік күші мен дене күшінің үндестік табуына ықпал етеді. Бұл ретте айта кететін бір жәйт, қазақтың аңшылықты кәсіп емес, өнер ретінде қабылдауында да үлкен мән бар. Қазақ ауыз әдебиеті мен аспаптық музыкасында кездесетін аңыздар мен күйлердің бір саласы аң аулап, ит жүгіртіп, құс салу өнеріне арналады. Осы аңыздар мен күйлер халық биіне де негіз болды. Бұл күйлер ырғақтық жағынан ширақ, бас-аяғы жинақы, мелодиясы ұтымды және жеңіл де ойнақы болып келетіндігі дененің пластикалық қозғалысқа түсуінде өте ыңғайлы. Халық арасында ежелден биленіп келе жатқан «Қоян-бүркіт», «Құсбегі-дауылпаз» билері. Кәсіби сахнада «Қоян-бүркіт» биінің «Айман-Шолпан» музыкалық спектаклінде қолданыс тапқан. Ал «Құсбегі-дауылпаз» биі алғашында Қазақ ССР-нің Мемлекеттік ән-би ансамбліне

қойылған болса, кейін жұптасып орындауға арналып қайта қойылған би екі орындаушының билеуінде жаңа түр алды.

Халық күйлерімен қатар халық музыкасын пайдаланған композиторлар, балетмейстерлер қазақ халқының би қозғалысы элементтерін пайдалана отырып, хореография өнерін дамытуда сахналық биді жаңа тәсілдермен байытып, өзгертіп, қазақ биінің халықтық түрін кеңейте түсті.

Сондай-ақ еліктеуден туындаған «Қаражорға», «Тепеңкөк» билері қазақтың жылқы малын дәріптеп, ер қанатына телуінің мәнін көрсеткендей. Ат жарысы – ең сүйікті, ең кең тараған ұлттық спорттық ойын түрі. Бала кезінен ат құлағында ойнап, көкпар тартуды меңгерген жігіттер аламан бәйгеде өнер көрсетті. Қазақ күйлерінің, әндерінің арасында жылқы малына арналған шығармалар өте көп. Сондықтан болар, би өнерінде де жылқы малын суреттеуде өте тартымды композициялар құрылған. Бұл билер аттың нағыз шабысын, ер үстіндегі жігіттің қимыл-қозғалыстарын суреттейтін билер. Халық күйі «Қаражорғаға» би сонау 1930-жылдардан бері қойылып келе жатыр. Соның ішінде Мәскеу сахнасында биленген би жөніндегі жазба деректерге сүйенсек, өте сәтті көрсетілген бидің бірі. Осы дәстүрліліктің жалғасы іспеттес болған би Ш. Жиенқұлова атындағы қазақ биінің Республикалық байқауында да көрсетілген.

Сахна төрінен орын алған ендігі бір тақырып – еңбек тақырыбы. Еңбек тақырыбына сүйене отырып қойылған «Кесте», «Өрмек би», «Ұршық», «Киіз басу» билері. «Кесте» биін Мемлекеттік «Гүлдер» ансамбліне сонау 70-жылдардың басында Д.Қияқова қойған болатын. О. Всеволодская-Голушкевич қойған «Киіз басу» биін «Алтынай» ансамблі билесе, «Өрмек биін» осы мақала авторы билеген. «Қазақ биі» пәнінен ұзақ жылдар дәріс беріп келе жатқан Ғ. Бейсенованың «Ұршық», «Киіз басу» билері қазақ халық биін оқып үйренуде негізге алынып отыр.

Ұлттық ойындардың да би өнерін дамыту барысында талай идеяларға жетектеп балетмейстерлердің қиялын ұштағанын жоғарыда айттық. Соның бірі халық арасында осы уақытқа дейін сақталған «Қыз қуу» ойыны. Жалпы «Қыз қуу» о баста қыз бен жігіттің бір-біріне деген ойын білдіретін, бір-бірімен үйлесуі үшін ойналған ойын түрі болуы мүмкін. Жігітке сәйгүлік мінген қызды қуып жетіп, оған деген сезімін білдіре алатын мүмкіндік берілгендей. Ал қуып жете

алмаған жағдайда бойжеткеннен күдерін үзуге мәжбүр болған.

Халықтық би үлгілерінде қуаныш пен шаттыққа толы көпшілік билердің ежелден болғанын біліп отырмыз.

Композитор М. Төлебаевтың «Біржан Сара» операсынан алынған музыкаға қойылған З. Райбаевтың «Мереке биі», Д. Әбіровтің «Ұтыс биі» сол сияқты Е. Усиннің және мақала авторының Е. Брусиловскийдің «Қыз Жібек» операсынан алынған музыкаға қойған «Шашу» билері осындай шаттыққа толы билер.

Қазақ биі шығармашылығы көркемдік дүние танымының бір бөлігі ретінде, әсем қимыл түрлерін қалыптастыра отырып, халықтың эстетикалық талғамын бекітті. Сонымен қатар, би өнеріне деген жалпы көзқарасының қалыптасуына ықпал етті. Би қимылдарында дене, қол пластикаларында, бет мимикасында халықтың салт-дәстүрі мен сезімнің аз ғана өзгешелігінен бастап, реніші мен қуанышы көрсетілді.

Қазақтың халықтық-сахналық биі қалай дамып келе жатыр деген ой туғанда, осы өнердің жетістіктерінің бірі, 1992, 2001 және 2006 жылдары өткізілген Ш. Жиенқұлова атындағы қазақ биінің Республикалық байқауы болды десек жаңылмаймыз. 2012 жылы әйгілі бишінің 100-ге толғанын атап өту мақсатында осы Республикалық би байқауы төртінші рет өткізілді. Алғаш рет байқау бағдарламасында аға ұрпақ қойған қазақ биінің сахналық мұралары орындалды.

Бұл байқау жай ғана өнер мерекесі емес, осы өнер түрінің әрі қарай қай бағытта дамып отырғанын байыптайтын, ел ішіндегі өнерпаздардың өрісін кеңейтетін бас қосу болды. Байқауға қатысушылар мен оның бағдарламасы халықтың ұлттық тамырынан інжу-маржан таба білетінін аңғартты. Осы байқаудың арқасында халық биінің сан-салалы жанрлары кеңінен насихатталуда.

Ғасырдан-ғасырға халық арасындағы ойын түрінде дамыған, ырғақты әсем қимылдар әртүрлі өзгерістерге ұшырай отырып жетілді. Бүгінгі заман талабына сай қазақ биі оқу орындарында жеке пән ретінде оқытылып отыр. Осы бағытта жаңа оқулықтар жазылып, енгізіліп отырғаны да құптарлық жағдай. Оқулықтарда қазақ халық биінің дене, қол, аяқ қимылдары жүйелендіріліп бір қалыпқа келтірілді. Осы жолда «Қазақ биі» пәнінен сабақ беретін оқытушылар мен би өнерін өміріне серік еткен өнерпаздар өз үлестерін қосып жүр дегіміз.

келеді. Өскелең би өнерінің көкжиегі кеңіген сайын оның әр саласындағы, сан жанрдағы орындаушыларының да сапалық, сандық деңгейлері көңілдегідей өсіп келе жатыр.

Би билейтін адамға өнер ерекшелігіне байланысты мінез-құлық, табиғатынан бойға сіңген қасиет керек. Мұнсыз бидің де, бишінің де жақсы қыры танылып, берік қалыптаспайтынын ерте кезден бері көріп, біліп отырмыз. Сондықтан жас түлектерге жол ашатын, өнер айдынында еркін жүзе білуге себеі тиетін жақсы дағдыларға қол созып, қиындықтар мен кедергілерден

тайсалмай іздене білуге тәрбиелеу аға ұрпақ міндеті. Сонымен, тыңғылықты дайындық, дағдыға айналған би элементтерін қайталау – денені бабында ұстаудың шарты болса керек. Ол әрі көркем образды дүниеге әкелетін тылсым күш, төгілген тер, адал еңбек, ол үшін табыстың негізі болып есептелінеді. Ұлттық бидің, ұлттық өнердің әсемдігінің, көркемдігінің қыр-сырын танып біледі. Асылы, өнерді өрістететін ең басты қасиет – еңбекқорлық, ізденгіштік болса керек. Осыны қағида тұтқан өнерпаздың мұратына жетері белгілі.